ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 5 ақпан №5265-26-00-2/140 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "GREY" атынан Жарболова Бакытгул Мустахимовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "GREY" атынан Жарболова Бакытгул Мустахимовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "GREY" атынан Жарболова Бакытгул Мустахимовнадан мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 1 410 (мың төрт жүз он) теңге және мемлекеттік баж 2 205 (екі мың екі жүз бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 06.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 11.03.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 23.03.2026

түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішіндеШымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласыныңмамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 06.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 23.03.2026

5265-26-3-1/100